

**Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Инженерия факультеті**  
**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**  
**№8 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

26.04.2023 ж.

**Қатысқандар:**

1. ФСҚЕК төрайымы – п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы Қошанова Гүлназира
2. Хатшы – F.A.Шукенова

**Комиссия мүшелері:**

1. Қошанова Г.Д – п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы

**Комиссия мүшелері:**

2. Ниязова Г.Ж.- п.ғ.к., доцент
3. Жунисов Н.М – PhD, аға оқытушы
4. Садыбеков Р. – магистр оқытушы
5. Искендерова Гүлзипа - оқытушы
6. Баялы Әзімхан - аға оқытушы
7. Шукенова Фалия – аға оқытушы
8. Агабекова Ақтолқын – PhD, аға оқытушы
9. Мейірбекова Оксана – аға оқытушы
10. Кибишов А. Т. – магистр оқытушы
11. Бабахан Ш.А.- магистр, оқытушы
12. Егембердиев Дилмурад – ДИА-111 тобының докторанты
13. Исакова Диара – АИА-111 тобының магистранты
14. Нұржан Бибісара - 6В07153- Электр энергетикасы білім алушы
15. Абдуллаева Карина – ААЗ – 011, 3-курс студенті
16. Полатбекова Қарлығаш – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің орынбасары.

**Қатыспағандар: -**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

- 1.Факультет оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында саул намалар ұйымдастыру.
- 2.Білім берудегі инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жүргізу.
- 3.ББ білім алушыларының контингентін калыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігін талдау, жетілдіру.
- 4.Сөуір айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

**Тындалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрайымы Қошанова Г.** күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша факультет оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында саул намалар нәтижелерін талдауды ұсынды. Жалпы университетте жұмыс барысы қанағаттанарлық деңгейде.

**Шешім:** Факультет оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрақұрылымдық және

әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін жоғарылату мақсатында келесі ұсыныстар айтылды:

Оқытушылардың жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстар:

1. Кафедра қызметкерлерін еліміздің және әлемнің басқа университеттерінің базаларында оқыту, шетелдік тағылымдамаларды қолжетімді ету.
2. Оку процесін қазіргі заманғы материалдық-әдістемелік қамтамасыз ету.
3. Оқытушыны қағаз және бюрократиялық жүктемеден босату.
4. Әр оқытушының жұмыс орнын анықтау, заманауи компьютерлермен жабдықтау, жалақысын көтеру.
5. Халықаралық конференцияларға қатысу үшін университет есебінен іс-сапарлар мүмкіндігін қарастыру.

**2. Г.Ниязов:** күн тәртібіндегі екінші мәселе: оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жүргізу бойынша сөз алды.

Профessor-оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабак барысында пайдалана отырып сабакты сапалы әрі қызықты өтүге ұмтылуда. Оқытушылардың сабак беру барысында жаңа технологиялар мен әдістемелерді кеңінен қолдану сабактың сапасын арттыруда. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын менгермейінше, сауатты әрі жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны менгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да адам келбетінің қалыптасуына иті әсерін тигізеді, өзін - өзі дамытып оқу-тәрбие процесін тиімді үйімдастыруына көмектеседі.

Факультеттің ОПК-н сабактарына оқу-әдістемелік бөлім басшылары, кафедра менгерушілері, факультеттің және кафедраның оқу-әдістемелік төрайымы мен кафедра профессор оқытушылары қатысып, өтілген сабактарға талдау жасалып, хаттамалар дайындалады.

**А.Ағабекова:** Оку әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша әдістемелік семинарлар факультетте және факультеттер арасында да жүргізіледі, сонымен қатар кафедраларда да кафедра ішілік семинарлар үйімдастырылды. Семинарларға факультет кафедралары оқытушы-профессор құрамы толық қатысуына ықпал жасалынады.

**Шешім:** Білім берудегі оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолдану аясы кеңейтілсін. Алдағы оку жылы инновациялық технологияларды: жобалау технологиясы; саралап даралап оқыту; дамыта оқыту технологиясы; модульдік оқыту технологиясы; сын түрғысынан ойлауды дамыту; сатылай кешенді талдау; деңгейлеп оқыту технологияларын қолдану аясын кеңейту академиялық комитет тарарапынан қолға алынсын.

**Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрайымы Кошанова Г.** күн тәртібіндегі үшінші мәселе: ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігін талдау, жетілдіру. бойынша сөз қозғады.

**F.Шукенова:** Кафедраларда 2022-2023 оку жылына арналған кәсіби бағдар жұмыстарының жоспары күрылған. Кафедралар оқытушы-профессорлар құрамы мектептерде оқушыларды мамандыққа баулу мақсатында кәсіби бағдар жұмыстарын жасауы тиіс. Оқытушы-профессорлар тізім бойынша бекітілген мектептерге барып, мамандықтарымызға талап білдіруші оқушылардың тізімін алып, оларды кеңес беруге шакыруы қажет. Электр инженериясы кафедрасы профессор оқытушылары Кентау қаласындағы Қазақ-неміс политехникалық колледжі, Кентау көп салалы колледждерге барып бітіруші студенттерге колледжден кейінгі Университетке құжат тапсыру, Кешенді емтихан тапсыру барысын және оку жоспарының ерекшеліктерін айтып, түсіндіріліп, колледж бітіруші студенттеріне үгіт насихат жұмыстары жүргізілді.

**Р.Садыбеков:** 2022-2023 оқу жылына дарынды және талантты талапкерлерді қабылдау мақсатында университеттің кәсіби бағдар орталығының үйымдастыруымен Кентау қаласындағы Дайындық факультетінің тыңдаушыларына кафедрада оқытылатын білім беру бағдарламаларына үтіг-насихат жұмыстары жүргізілді. Кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу барысында дайындық факультетінің тыңдаушыларына кафедраның білім беру қызметіне қатысты оқытылатын бакалавриат, магистратура білім беру бағдарламалары, оқу лабораториялары, білім беру бағдарламаларының толық сипаттамасы берілген буклеттер таратылды. Тыңдаушылар тарапынан кафедра мамандықтарына қызығушылық танытып сұрақтар қойылыш, қойылған сұрақтарға оқытушылар тарапынан дәйекті жауаптар алынды.

**О.Меирбекова:** 2022-2023 оқу жылында кәсіби бағдар жұмыстарын үйымдастыру мақсатында кәсіптік бағдар мен педагогикалық, дипломдық, практика жұмыстары үштастырылды. Өндірістік практика өтіп жатқан бітірушілерге мамандықты сипаттайтын буклеттер беріліп, біздің университеттің жетістіктерін, басқа ЖОО-на қарағанда бірката, өзіндік артықшылықтары мен өз мамандықтарының жетістіктерін түсіндіру аса қажет екендігі талап етілді.

**Шешім:** ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру жұмыстарын жетілдіру мақсатында әлеуметтік желілер (фейсбук, инстаграмм, в контакте т.б.) мүмкіндігі барынша пайдаланылсын. Бұл жөнінде жұмыстар кафедра менгерушілеріне, декан орынбасараларына, факультет операторына жүктелсін.

#### Тыңдалды:

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Қошанова Г күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша сөз алыш, сөүір айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін қорытындылады:

1. Факультет оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрокүрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнамалар нәтижелері бойынша айқындалған ұсыныстар ескерілсін.
2. Білім берудегі оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолдану аясы кеңейтілсін. Алдағы оқу жылы инновациялық технологияларды: жобалау технологиясы; саралап даралап оқыту; дамыта оқыту технологиясы; модульдік оқыту технологиясы; сын тұрғысынан ойлауды дамыту; сатылай кешенді талдау; деңгейлеп оқыту технологияларын қолдану аясын кеңейту академиялық комитет тарапынан қолға алынын.
3. ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру жұмыстарын жетілдіру мақсатында әлеуметтік желілер мүмкіндігі барынша пайдаланылсын. Бұл жөнінде атқарылатын жұмыстар кафедра менгерушілеріне, декан орынбасараларына, факультет операторына жүктелсін.

Мәжіліс төрайымы:

*Кошанова*

Г. Қошанова

Мәжіліс хатшысы:

*Шукенова*

Ф. Шукенова